

# AIQYN

WWW.AIKN.KZ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СӘРСЕНБІ №07 (3472)



e-mail: [aikyngazeti@gmail.com](mailto:aikyngazeti@gmail.com)



[www.facebook.com/aikyn.kz](http://www.facebook.com/aikyn.kz)



[www.twitter.com/aikyn\\_gazeti](http://www.twitter.com/aikyn_gazeti)

# АЛУАН ҚЫРЛЫ

## АСЫЛ АҒА

### Көрнекті қаламгер Мыңбай Ілес туралы эссе-штрихтар



ді аталарымыз бекерге айтпаған. Асықпағайсың. Тын идеяны, макеттегі жаңалықтарды, ең ақыры безендіру элементтері саналағанын “воздухтар” мен түрлі қалыңдықтағы сызықтарды көбі ұға бермейді. Сондықтан шыда. Көздерін бірте-бірте үйрету керек, – дейтін Мыңбай аға оңаша пікірлесу үстінде.

Аз уақыттың ішінде Мыңбай ағаның өзге де қырларын анық байқадым. Секретариаттың, яғни Бас штабтың жұмысын бес саусағындай жетік білетін оның шебер аудармашы екеніне көзім жетті. Орталық Комитеттен тікелей келген маньдзы құжаттарды, жауапты адамдардың мақалаларын, партия пленумдарының қаулы-қарарларын орыс тілінен қазақшаға аударатын санаулы журналистердің бірі Мөкең еді. Өте шашпаң, өрі сапалы аударатын оған оқта-текте сол кездегі аса беделді ақпараттық мекеме – ҚазТАГ қолқа салып, көмектесіп жіберуін сұрайттын. Қазіргідей электронды пошта мен компьютер жоқ. Журналист ағайындардың бар сүйенері қарапайым мәшікке мен телеайп. Тіпті факс та шығармашылық ортаға етене кірмеген кез. Алматының басқа бір бұрышында орналасқан әйгілі ҚазТАГ-қа барып, тапсырылған аударманы тастүйін орындайтын Мөкең тунделетіп, редакциядағы жауапты жұмысын одан өрі жалғастырады. Осы тұста реті келіп тұрғанда айтайын. Мөкең зейнет демалысына шыққаннан соң біраз жыл ҚазТАГ-та аудармашы болып қызмет істеді.

Қым-қуыт жұмыстан шаншылп жүрсе де сылтау айтып сырқаттамайды, барлық шаруаны менің мойныма артып қойындар деп күнжілдемейді. Кемейіне келген ойын онтайлы тұста бүгежектемей, бастық демей, үлкен демей тура бетіне айтып салады. Әрине, біреудер жақтырады, қайсыбіреулер ұнатпайды. Бора-бора терлеп жүріп, бәрін де атқарып тастайды, бәрине де үлгереді. Диктовкадан қалт еткенде шахматын ойнап, теннистін шарын ұйырып, редакция жігіттерінің қуаныштарын бөлісіп, сүйікті кәсібіне құпштарлана кіріседі-ау! Кешкі ресми материалдарды түгендеп, баспаханадағы техникалық редакторлар Ахан Көлбаев пен Болат Жайсаңбаевтармен хабарласып, кезекті беттердің жай-күйімен танысып та үлгереді. Редакторатын мүшесі ретінде түнгі полосаларға, яғни “үйдің жатыпатар редакторлық” міндетін атқарады.

Сонымен қатар Мыңбай аға редакцияда өткен өндірістік жиналыстардың хаттамаларын жүргізіп, ЦҚ-ға жіберілетін тоқсандық іс-жоспардың орысша нұсқасын тастай етіп өзірлейді. Мұның сыртында айына екі рет редакция қызметкерлерінің табелін толтырып, екі рет қаламаққын жасап іргеді баспахананың орталықтандырылған бухгалтериясына дер кезінде өткізу де жауапты хатшының мойнында. Басаспап Мөкең барлық жұктелген міндеттерін қай уақытта да зор жауапкершілікпен, биік абыроймен орындайтын.

### ШЕРАҒАҢНЫҢ ТАҢДАУЫ

Өз ісіне адал, принципіл, қарымды қаламгер ағаны тоқсан бірінші жылың басында редакция ұжымы бір ауыздан бас редактордың орынбасары қызметіне сайлауы тегін емес. Өңгіме орайында айта кететін штрих. Еңбек демалысында таудағы шипажайда тынығып жатқан Бас редакторымыз Шерағаң – Шерхан Мұртаза жұмыс күнінің кешкі апақ-сапағында даңғарадай кабинетіне ұжымды тегіс жинап алып: – Халдерің қалай? Сөз қысқа, – деді қатқыл үнмен. – Өздеріңіз жақсы білесізде. Менің орынбасарымның бірі Сабыржан Шүкірұлы жанадан ашылған “Сұхбат” апталығына бастық боп ауысқан. Енді соның орнына зам-редактор сайлауымыз керек. Тура қазір. Өйтпесе болмайды. Асықпай демалып келгеннен соң, қойсам ба деп едім. Телефон әбден мезі етті. Тауда жатқанымды да біліп алышты. “Замре-

дакторға анау лайық, мынау лайық” деп өтінгендер мен бұйрық бергісі келетіндер тым көбейіп кетті. Ешқайсысын елегем жоқ. Иә. Шынымен осы отырған сендердің орталарында редактордың орынбасары болатын адам жоқ па?

– Неге, Шераға? Көп қой. – Бар! Бар! – Өзіміздің ішкімізде де толып жатыр. Біреуін қойсаңызшы...

Жиналғандар шулап қоя берген. Мұндайды күтпеген Шерағаңның әлігіндегі қарағанда, жүзі жылыұшырай, қабағы жазыла түскендей.

– Ой, пәлі! Беймезгіл кештетіп, сол үшін келіп отырмын ғой, – деді жадырай күлісіреп. – Көне, кімді қоясындар. Айтындар.

Ертеректегідей емес, демократияға бой үйрете бастаған ұжымның үлкені бар, кішісі бар, жай тілшіден бастап, машинисткаларға дейін өз кандидатураларын ұсынған. Құр өшейін аты-жөндерін атап қана қоймай, өз ойларын, өз пікірлерін ортаға салып, ашық талқылаған. Мінеки, осындай талқылау-сараптаудың қатаң сүзгісінен өткен төрт-бес жігіттің арасынан өте талашшыл, әділетті сүйетін Шерағаңның Мыңбай Ілеске тоқтауы тегіннен дейсіз бе?

– Мыңбай мырза бұл орынға әбден лайық. Білімді, өте тәжірибелі. Орысша-қазақша бірдей жазады. Оның үстіне бір орнында ұзақ отырып қалған секілді. Әлдеқашан замредактор болуы керек еді, мен білесем. Сіздер де қателеспеген секілдісіздер. Осы ұсынысты қолдап, қол көтерулерінді сұраймын...

Бүкіл ұжым бір кісідей дауыс берді. Бұл баға Мыңбай ағаға берілген биік құрметтің, зор сенімнің нышанын көрсетсе керек.

### БІР КҮНДЕ – ЕКІ ТОЙ

Қызық. Біреулер туралы өңгіме өрбіте қалғанда аузына сөз түспей, қаламың да кібіртіктеп, шоқырақтай беретіні бар. Неге? Жүрегің қаламайды демек. Көбік лепесті көпіртіп, көлгірси амайсың-ау. Өкініштісі, ондайлар да ара-тұра ұшырасады. Амалын тауып көрініп, жақсы ағанып жататындарды өз ортамыздан да табымыз. Мейлі, жүре берсін. Жүрек шіркін, сезіп тұр ғой. Ал Мыңбай аға хақында қалам тербегенде бауыры жазылған сөйтуліктей ойымды тізгіндеп алсамшы. Өзім білетін жағдаяттардың бәрін де қамтығым келген. Асыл ағаның адамгершілік қасиеттерін үзіп-жұлып болсын өзгелерге жеткізуге ұмтылғаным анық. Көпке мәшһур белгілі жайттарды шыңрап қайталамай, дара қолтанбасын, жазу стилін тәптіштемей, керісінше, пендешілік адами қасиеттерін жарқыратып көрсететін штрихтарды жаңғыртқанды жөн көрдім.

Алып адам, батыр адам аңғал келеді демекші, бірде Мыңбай ағамыздың өз аузынан естіген осынау оқиға еріксіз еске түскен. Амалсыздан езу тартқысып, мырсыладатқан. Аңқау ағамыздың бір күнде екі тойға барып, екі мәрте шабылғаны жайындағы қызықты көріністі жанарыңызға елестетіңізі.

Әдеттегі сенбі. Түннің бір уағына шейін “Жалын” журналының тапсырмасы бойынша екі-үш орыс жазушысының өңгімелерін аударып, балконға қисая салған Мөкең күн шықпай оянып кетеді. Алматының аптапты жазында үнемі балконға ұйықтайтын ол таудан легіген таңғы самалда рахаттанып, әжептеуір сергіп қалады. “Қой бүйітіп өзіліп жата бергенше, дачаға барып келейін. Күнүзақ не істеймін. Кешкі тойға үлгереміз...”. Тездетіп жуынып-шайынып, Клара женгеіді мазаламай тілдей записка жазалды да, ертелетіп саяжайына тартып кетеді.

Реті келіп тұрғанда Мөкеңнің атына айтар өнегелі өңгіменің бірі о кісінің еңбекқорлығы. Өмірбақи қалада тұрып, қалам ұстап жүрген ақсаусақтардың санатына жатпайды. Жер тырмапап, жер еміп өскен нағыз оңтүстіктің сүйелдерең сүйікті шаруасындай. Көгілдір көктем шығысымен сары ала күзге дейін бір тынбайды-ау. Ұлан жаз оны саяжайдан табасыз. Қаламнан босай қалған мезетін текке жібермей бау-бақшасын баптап жүргені. Ала шапанын бөліне буып алып, күні бойы жер шұқып, жеміс ағаштарын суғарып, ертелі-кеш бөліп бір жазбайды. Сондықтан да болар, егемендіктердің арасынан ең алашқұлардың қатарында Мыңбай ағаның бау-бақшасы жайнап, өрігі мен алмасы, жүзімі мен алшасы мәуелде жемісін берді. Үш қабатты даңғарадай кірпіш үй бойы көтерді. Бірін айтып біріне кетеміз. Қасиетті Отырар топырағында туып-өскен уағатары ағамыздың қай ісі де, қай еңбегі де елең еткізерлік.

...Содан Мөкеңнің тілхатын оқып,

тастүйін әзірленіп отырған Клара женгемді кешкі алтыда апыл-ғұпыл таксиге мінгізіп ВДНХ-ның ішіндегі “Достық” мейрамханасына қолтықтап кіреді. Даңғұр-дұнғұр музыка. Той әлдеқашан басталып кеткенге ұқсайды. Майлы қасықтай лыпып тұрған асаба жігіт құрақ ұшып қарсы алады. Кешіңкіреп қалғандарына ыңғайсызданған Мыңбай аға кешірім өтініп асаба қолындағы бір құшақ гүлді ұсына салады. “Жастардың алдындағы вазаға өзің апарып жайғастырасың ғой...”

– О жағынан қам жеменіз. Тас қаптырамыз, – дейді әлекедей жаланып. – Көне, штрафнойды тартып жіберіңіз алдымен. Бақандай жарты сағат кешігіп келдіңізде. Сосын сөйлесіңіз...

Іле-шала Мыңбай ағаға сөз беріледі. Ашөзегіне түсіп кеткен “штрафнойдың” буымен кесіліп сөйлеген ол жас жұбайларға тілектерін жаудырып:

– Мына азғантай сыйымызды көптеп көріңіздер, – деп костюмінің ішкі қалтасынан семіздей конвертті алып асабаға ұстатады. – Төрдегі жастарға өзін тапсырарсың.

Ду қол шапалақтап, музыканттар дабырлатып тушты ұрып-ұрып жібереді. Екі-үш үремкені өз орнына қондырған арқа-жарқа Мөкеңнің құлағына Клара женешем біртүрлі күдіктене сыбырлайды:

– Мына үйленіп жатқан жігіттің аты да Сериқ екен. Бірақ біздің құдаба-ла Серикке ұқсамайтын секілді.

Екі көзі шарасынан шыққан Мыңбай аға төрдегі жас жұбайларға анттарыла қарағыштай береді. Сонда барып жанылысқанын сезеді.

– Тойлары осы “Достыққа” емес пе еді. Шақыру билетіне қарашы...

– Шақыру қағазы жазу үстеліңде жатыр еді ғой. Алмағансың ба? Меніңше, онда Достық даңғылындағы ресторан деп жазылған тәртізі.

– Мүмкін. Бә-с-е, құда-құдағилар да көрінбейді. Өңкей біз танымайтындар... Жұр, асабаға ақырын ғана айтып, тездетіп шығып кетейік, өшкімге білдірмей...

Сөйтіп, аңғал ағамыз жол-жөнекей гүл базарынан тағы да бір құшақ гүлді, сый-сияпатын алып Достық даңғылы бойындағы мейрамханада өтіп жатқан екінші тойға қатысыпты.

### КӨНІЛДІҢ ТӨРІНДЕ

Естелік екі рет жазылмайды. Сондықтан да көңілдегі көрікті ойлар шапшырамай тұрғанда Мыңбай ағаның адами бейнесін ажарландырып, пендешілік тұлғасын толықтырып елеусіздей штрихтардың бір-екеуін түйіп жеткізім келеді.

Елгезек ағаның өмірге деген құпштарлығы, маңайындағы адамдарға деген ықыласы мен назары бөлшекте-тін. Уақыт үдерісіне ілесе білген ағаның ініге ізеті, үлкенге құрметі айрықша байқалағын. Жүріс-тұрысы, сөз саптауы, ең ақыры кішігір көрінер ұсақтауық іс-әрекетінің өзінен тәлім-тәрбие әліпшесін оқығандаймыз. Өнеге өрнектерінің қарапайым әдептен күрделі жататынына көбіне мен бермейміз-ау. Мөкең бүкіл ұжымның құрметтісі бола білді. Редакция өмірінде болып жататын думанды кештер мен той-томалақтың ұйымтқсы да еді. Өн салып, би билегенде өнерпаздардың көшін бастайтын. Қазақ опера-ларынан арияларды, халық әндерін шебер де, нәшіне келтіріп орындайтын. Клара женгей екеуі қосылып сызылта өн салғанда кейінгі толқын – жастар жағы төңті болатынын.

Не нәрсеге де сергек қарайтын Мөкең сонау бір жылдары лағарысты, тапшылық кезінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшіміз Еркін Қыдырды жанына ертіп алып Шымкенттегі әйгілі “Восходтан” өз бағасына ондаған костюм алып келгені де есте. Сөйтіп, Мөкеңнің арқасында редакцияның бүкіл жігіттері екі-үш костюмен киіп, бір жасап қалған. Республикалық теледидардың тікелей ұйымдастыруымен өткізілген дарындылар мен білімділер сайысында да үздіктер сапынан табылған – өзіміздің Мөкең.

Өмірінің соңғы жылдарында дөңгеленте шоқша сақал қойып, имандылық жолына бет бұрған Мыңбай ағаның Астанадағы екінші үйі “Егеменге” бас сұғуы біз үшін үлкен қуаныш. Өлі де осы өсер үстіндеміз.

Ендігі жерде жақсы аға хақында тек естелік айтармыз. Көңіл төріндегі оның асыл бейнесін замандастары қарымы қаламгер, өріптестері елгезек аға, ұрпақтары ұлағатары өке ретінде еске түсірері анық. Бұған да шүкіршілік. Тәубе!.. Бұл фәниде қаншама адамдар елеусіз, ескерусіз ұмыт боп жатыр десейші.

Жанат ЕЛШБЕК

Мыңбай Ілестің азаматтық, адамдық, қаламгерлік қасиеттерін баян ететін эссе-штрихтар шоғырын төмендегіше түздік.

### АЛҒАШҚЫ ТАНЫСТЫҚ

Баспахананың верстка цехында Мыңбай ағамен ең алғаш рет жолығып, өңгімелескеніміз қаз-қалпында жаңғырады-ай.

Ат шаптырмың цехтың қақ ортасымен өзіміздің “Лениншіл жас” беттеле-тін екінші алаңқайға беттеп келе жатқанымызда қасымдағы бастығым Сейдахмет Бердіқұлов жан-жағына жанар сүзген бойы:

– Көне, былай бұрыла кетейік, – деді “СҚ”-ның версткасын мезгеп. – Сарбас ағаң мен Мыңбай тұр екен. Сәлем берейік. Арнаулы нөмір шығарып жатқан сияқты.

– Хал қалай, Сейдахмет? – деді жымыңдап қарсы алған бас редактордың орынбасары Сарбас Ақтаев.

– Немене, спецномер ме? Бүкіл “СҚ” жүр ғой, – деді Сейдахмет да іркілмей.

– Иә, достық нөмірі... Одақтас республикалардың үндесуі, – деді байсалды үнмен етженділеу келген, бойшаң жігіт ағасы.

Қатар-қатар тізілген қорғасын терімдердің үстінде жатқан шұбатылған қағаз гранкаларды беттің шетіне ығыстыра салып, қолын ұсынған бұл кісіге бар назарын аудара жөн сұрай бастағанда барып, көп жайды аңғардым. “Социалистік Қазақстанның” жауапты хатшысы, редколлегия мүшесі Мыңбай Ілесов туралы алғашқы жылы лебіздерді өз редакторымның аузынан естіген едім.

– Сарбас жақсы журналист, нағыз газетші. Біздің “Ленжасты” қалт жібермей қадағалап отырады. Ал Мыңбаймен онша аралас-құраласым жоқ. Жігіттердің айтысына қарағанда өте сауатты жігіт көрінеді. Екі жоғары оқу орнын бітірген. Мәскеуден оқып келіпті. Аударманы жақсы жасайды дейді білетіндер. Секретариаттың ұнғыл-шұңғылын да тәуір білуі керек. Өзі Шымкенттің облыстық газетінен келіпті. Маңайындағы жігіттермен өмбей-жөмбейім шамалы. Шетінен мұқы. Әйтпесе қырқы жүріп, жалғыз газетті жұтындырып, өлем-жөлем кіндіруге болады емес пе. Фотосы да, штрихы да, тақырыптарды терген шрифтісі де көз тоқтатпайды. Тартымсыз, талғамсыз бірдеңе. Ең болмағанда, анау орталықтан шығатын “Правада” мен “Известияға” қарасайшы, осы? Құр кеуде, құр пірен. Макет деген – өнер. Оған да ой керек, фантазия керек. Ал қанатсыз қиялдың не екенін білесің бе?..

Мен үндемедім. Табан астынан нілдей бұзылған Сейдахмет еш үжз айта алмадым. Өйткені бастығымың мінезі бес саусағымдай білемін. Лездеме сайын “Жақсы материалды ажарлап, оқылатындай етіп, әдемілеп, көркемдеп, безендіріп берген жөн. Көп қосақтың ішінде көрсетілмей тастай салған мақаланы ешкім оқымайды. Сыққан “СҚ” сияқты...” деп төпелеп отырды. Қанға сінген тамаша қасиет. Сондықтан да болса керек Сейдахмет аға редакцияға жанадан қабылдаған журналистерді ең кемі бір-екі жыл секретариаттың көрігіне салып, шындап алады. Келесі нөмірде тәуір дүниеге жарияланып жатса, беттелеу-безендіру сөтін цехтың басына өзі келіп, арнайы қадағалап, барлап кетеді. Осындай мезеттегі көңіл күйіне араласпай, үндемей құтылдым.

Бір жақсысы, кез келген адамды ұната бермейтін, әркімді дара қабілеті мен ерекше қасиеті үшін бағалайтын аса кірпияз, деғдар редакторымның Мыңбай аға жайында айтқан жылы лездері жүрек түкпірінде ұялап қалған еді.

### ЖҮРЕГІ ЖЫЛЫ,

### ЖҮЗІ ЖАРҚЫН

Араға жылдар салып Мыңбай ағамен қазақ баспасөзінің қара шаңырағында ежелгі таныстарша қауыпштық. Ұзын ғұмыр жолында жадында әлсің әлсің жанғырып, айрықша өсерге бөлейтін өркенсті оқиғалар болады. Сондай сәуелді сәттердің бірі – “Социалистік Қазақстан” газетінің табалдырығын аттаған күн. Сәуірдің мәлдіреген он екінші жұлдызы. Мәңгі ұмытпайтын сықылдымын. Адамзаттың тылсым әлемге – ғарышқа самғаған күні “СҚ”-ға қызметке орналастым. Ішімнен ырымдап “Бұл менің де журналистік жолдағы самғауымның жана бір белесі болғай...” дегенім есімде.

Редактор Сапар Байжанов редколлегия мүшелері мен бөлім бастықтарын түгел жинап, мені екі-үш ауыз

сөзбен таныстырды:

– Жана қызметкер алып отырмыз. Аты-жөнін өздеріңіз жақсы білесіздер. Бұған дейін “Лениншіл жаста” бөлім менгерушісі боп істеген.

– Сонда Сапеке, қай бөлімге келмекші бұл жігіт? – деді редактордың сөзін бөлген ұзын үстелдің аргы бетінде отырған қап-қара кісі қыжырта тіл қатып. – Шашынды қысқартқаның жөн. Бұл жер “Ленжас” емес.

– Сыдық Алдабергенов жолдас, өндірістік жиналыстар мен лездемелерде сан мәрте айтып жүрміз ғой. Көркемдеу-безендіру бөлімін ашсақ деп, сол бөлімге менгерушісі етіп редколлегия Жанат Елшібековті бекітіп отыр. Орынбасарлар да, алақа мүшелері де өзімен өңгімелесіп, танысты. Біраз ой-жоспарлары бар. Аллағи уақытта біртіндеп жүзеге асырмақшы. Ең бастысы, газетіміздің келбетін өзгертіп, ажарын ашуымыз керек. О жағын мен өзім егжей-тегжейлі түсіндіріп, қадап-қадап тапсырдым. Тың жаңалыққа, жақсы идеяға бөріңіз де мұрындаық болғандарыңыз дұрыс, – деді Сапар аға байсал қалпын өзгертеп.

– Жанатты осында отырғандардың дені жақсы біледі, – орынан сөйлей көтерілген Мыңбай аға төңірегінде жанар жүгірте жымынады. – Сықа, Жанаттың шашында неңіз бар. “Ленжастың” бастығы Бердіқұловтан бастап, барлық жігіттерінің шаштары ұзын. Анау Оралхан мен Жарыққаптарының шашы ынықтарын жауып жүрсе, Жақау мен Өшірбектері сақал қойған. Өздеріне жарасады. Ендігі жерде біз бірігіп жұмыс істейміз. Өлгінде секретариаттың бүкіл жігіттерін жинап алып, сөйлестік. Өзара міндеттерімізді жіліктеп, жіктеп, бөлестік. Бөлімдердің жеке-жеке топтамалары мен материалдары бойынша алдын ала ұсыныстарын, арнаулы беттердің безендірілуі жөніндегі ойларын бұдан былай жана бөліммен ақыласып, бірлесіп жүргізісек құба-құп. Сондықтан қасымызға кеп жатқан Жанатқа сөзтілік тілеймін.

– Дұрыс. Сөйтіндер, – деді Сапекең қолындағы қалың күнтізбе-дәптерге өлденені шұқшия жазып.

Мыңбай ағадан кейін Сарбас Ақтаев, Бекболат Әдетов, Зұлқарнай Сақиев, Кеңесхан Экеменов секілді өзін сырттай жақсы танитын жігіттер ой-пікірлерін ортаға салып, ізгі тілектерін

айтып, ұсыныстарын білдірді. Бұған дейін кіл алаулаған, жалындаған жастар ортасында емін-еркін еңбек етіп, бұла күн кешкен маған жана орта мүлдем бөлшекше көрінгені рас. Өңкей сықырлаған, сыздаған шпірендер. Кеңсе кеуделердің костюм-галстуктеріне шейін ұққас. Сойып қалтап қойғандай шетінен манғаз, саусақ ұшымен аман-дасып, еріндерін әрен-әрен жыбырлатып тілдеседі. “Ой, Алла-ай десейші, сыққан “СҚ” десе, сыққан “СҚ”.

Қасымда отыратын суретші-ретушер Жанұзақ Әбдіғұлов аға мен фототілші Сайлау Пернебаев мәз. Бұрыннан жұртаныс екеуі де.

– Өстіп өзін секілді жастарды біздің газетке көптеп алу керек қой, – дейді жарыса. – Әдебиет бөлімінде Сауытбек Абдрахманов, насихат бөлімінде Ержұман Смайылов ғана бар. Қалғандары бірін-бірі менсінбейтін сірескен шашдар.

Бұдан қырық жылғы алғашқы әсерді әдейі тәптіштеп, бүге-шігесіне дейін текке-тек еске түсіріп отырмағым жоқ. Заманына қарай – адамы. Әйтпесе бұл қағидалы орындарын ауыстырып, керісінше, айтуға да болатын тәртізді. Мейлі, қалай десек те. Қатаң жүйенің, қатаң тәртіптің салқыны белгілі бір мөлшерде адамдардың мінез-құлқына, іс-әрекетіне ықпал еткені сөзсіз. Абырой болғанда, қысталаң шақта жіңішке жолдан жүрегі жылы, жүзі жарқын Мыңбай Ілесов сияқты қалам-дас, әрі әріптес ағаның арқасында аман-есен өткенімді енді ғана сезгендеймін. Аса білімді, адамгершілік қасиеттері одан да жоғары, парасатты ағамен маньдзы да, жауапты жұмыстарда қас-қабағымызбен ұғыстық. Секретариатқа тікелей қатысты ондаған жігіттердің бәрімен бірдей тіл табыса алмағанымды жасыра алмаймын. Макет сызу кезінде, апталық жоспарды талқылау сәтінде, лездеме үстіндегі қиғаш пікірлердің бір қуаныштисы, жүз шайысуға жеткізбегені. Қазіргідей азат ойдың шідері тас-талқан етіліп, демократия мен пікірталас алуандығының сүле сәулесінің де көрінбеген кезі. Жасына жетпей қартайғандардың ойлары тұқыл, қиялдары қасаң. Сонысына қарамай ішкі есептері шытырман. Осындай қағаберіс бөгеттерден көбіне Мыңбай ағаның ақылы алып шығатын.

– “Сабыр түбі – сары алтын” деген-